

ЖЕДЕЛ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕ КОМИССИЯ ҚҰРУ ТУРАЛЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ 24 мамыр 1994 ж. N 558

Материалдық өндіріс саласындағы шұғыл өндірістік және қаржы мәселелерін жедел шешу, республика экономикасын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Материалдық өндіріс саласындағы тұтқиыл жағдайда туындаған шұғыл өндірістік және қаржы проблемаларын шешуге арналған Жедел мәселелер жөніндегі комиссия қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын. Комиссия шұғыл проблемаларды қарау және барлық министрліктер, ведомстволар, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындар, сондай-ақ жергілікті әкімдер орындау үшін міндетті жедел шешімдер қабылдау жөніндегі ұдайы жұмыс кеңестерін өткізу жүктелсін.

2. Жедел мәселелер жөніндегі комиссияның төрағасы өз құзыреті шегінде министрліктер, мемкомдар, ұйымдар мен кәсіпорындар, жергілікті әкімдер орындау үшін міндетті өкімдерге қол қоятын болып белгіленсін.

3. Комиссияға аталған мемлекеттік басқару органдарының басшылары қабылдаған экономикалық жағдайды тұрақсыздандыратын шешімдердің қолданылуын тоқтатуға, кейіннен бұл мәселелерді қарауға құқық берілсін.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері

жедел мәселелерді шешу жөнінде осындай аумақтық комиссиялар құратын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің Іс басқармасы Жедел мәселелер жөніндегі комиссияның жұмыс атқаруы үшін қажетті жағдай туғызсын.

<*>

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1994.10.18

N 1170 қаулысымен.

P941170_

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қосымша

<*>

ЕСКЕРТУ. Қосымшаның күші жойылды - ҚРМК-нің 1994.10.18 N 1170
қаулысымен.
P941170_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК